Әрекетке қабілеттілік – римдіктерде әрекеті арқылы құқық пен міндетке иелену

Децимация – жеребе арқылы жазалау. Шайқас болып жатқан жерден, қорқақтық білдіріп қашқан үшін Ежелгі римде децимация іске асырылған. Әр оныншы сардарды басқаларға сабақ болсын деп «дарға» асқан.

Децимвирлер - («оң ер азамат») – б.д.д. 451 ж. XII кесте заңдарын құрастыру мақсатымен 10 адамнан жасалған үкіметтік комиссия.

Дигестілер – римдік құқықтың византиялық кодификациясының негізгі бөлігі. Византия императоры Юстинианның заманында 529 ж. Трибунианның басшылығымен жинақталып бір жүйеге келтірілген. Кейін **цивильдік құқықтар** жинағы аталған.

Диктатор – Римге қауіп төнген жағдайда алты айға барлық билікке иеленген басшы.

Доминат – Римде абсолюттік монархия орнаған кезең (III-V ғғ.). «доминатус» – үстемдік. Диоклетиан 284ж. август және доминус атағына иеленген.

Инквизициялық процесс – қылмысты тергеу арқылы өтетін сот процессі

Институциялар – жас заңгерлерге арналған оқулықтар. Алғашқы оқулықтардың бірі Гай Институциялары II ғ. Гайдың пікірінше құқық тұлғаларға, немесе заттарға (міндеттерде жатады) немесе талаптарға (иск) қатысты туындайды. Осындай жүйе институционалды деп аталады. VI ғ. Гайдың институцияларының және басқа да классикалық танылатын заңгерлердің еңбектерінің негізінде Юстиниан Институциялары құрастырылды. 529 жылғы азаматтық құқық жинағында Юстиниан Институциялары заңдар ретінде танылып, судьялар соларға сілтеу жасап шешім қабылдаған. Институционалды жүйе қазіргі заманда кең таралған. 1804 ж. Францияның Азаматтық кодексі; 1995 ж. Ресей Азаматтық кодексі және басқа да континенталды құқықтар тобына жататын елдерде институционалды жүйе қағидалары сақталған.

Интердиктер (лат. *Interdic-tum* - тыйым) – бұзылған құқықты қайта қалпына келтіру мақсатындағы міндетті түрде орындалатын претордың бұйырығы. Жеке меншік иесінің бұзылған құқығын қорғауда ең ұтымды және қысқа жолы. Интердикт формуласы преторлық эдиктке жазылған.

Виндикациялық иск – иесі затты қайтаруды талап ету.

Негаторлық иск – иесіне өз заттың пайдалануға келтірген кедергіні жою туралы талап (иск).

Квестор – мемлекеттік қазына мен мұрағатты сақтаушылар және қылмыстық істер бойынша алғашқы тергей жүргізушілер

Квириттер – республикасы дәуіріндегі рим азаматтарының ресми атауы. «Квириттық құқығы» барлар, «квириттік меншік» иелері мағынада айтылған.

Когнат – бір атаның ұрпақтары, қандық туыстық.

Когнаттар – Ежелгі римде нағашылар, шешесі жағынан туыстар.

Колонат - Ежелгі римде құлдар мен бостандыққа шыққандардың жерді жалға алу арқылы экономикалық тәуелдікке түсу жүйесі.

Комициялар - Ежелгі римдегі халық жиналыстары; форумде халық жиналатын, сот өтетін, жаза іске асырлатын орын. Комиссиялардың үш түрі болған:

1. Куриаттық (30 ру);
2. Трибуттік (3 тайпа);
3. Центуриаттік (центурия – әскери жүздік сап -193 центурия).

Коммендация – Ежелгі римде, алғашқыда Юлий Цезарь, кейін Август және оның ізбасарлары иеленген мелекеттік қызметке талапкерлерді ұсыну құқығын (республика кезінде барлығы сайланған). Батыс Европада алғашқы феодалдық кезеңде өзінен «мықтынын» қол астына кіру туралы келісім-шарт, оны сеньоры ретінде мойындау.

Конкубинат – Болашақта заңды неке қиылғанша әйел мен ер адамның бірге тұруға мүмкіндік беретін құқықтық институт. Конкубинаттың қалыптасуына б.д.д. 18 ж. заң әсер етті. Аталған заң бойынша некесіз тұрған үшін қатал жаза енгізілді. Жазадан заңды некеге тура алмайтын, болашақта «заңды некеге» турам деген ер адамдар босатылатын (мысалы, сенатор әулетінен шыққандар тәуелсіздікті алған құлдыққа болған әйелге үйлене алмайтын). Конкубинатта туған балалардың мұрагерлік құқығы шектелген, мұрасын заңдастыру рәсімі өткізілген. Басқа некесіз туған балалар мүліктік мұрадан толық қол үзген.

Консенсуальный договор - латынша consensus (келісім) – затты қолдан қолға бергеннен емес екі жақ бір мәмілеге келгенен бастап шарт жасасты деп саналған

Конситориум – домината кезіндегі императордың мемлекеттік кеңес.

Конституции – заң ретінде мойындалған императордың жарлықтары, Императордың жарияланатын шешімдері **эдиктер**;

Рескриптер – құқықтық сұрақтар бойынша императордың тұлғалар мен магистраттарға жауаптары мен нұсқаулары;

Декреттер – сотқа түскен істер бойынша императордың шешімдері;

Мандаттар – шенеуіктер мен магистраттарға берген императордың нұсқаулары деп бөлінген.

Консулы – Рим республикасындағы ең жоғарғы магистратура, лауазым. Алғашқыда тек патрицийлерден екі консул сайланған. Кейін Лициний мен Секстий (б.д.д.367 ж.), заңы қабылданған соңы консулдың біреуі плебейлерден сайланған. Консулдардың құзыретінде:

- күнделікті басқару;
- әскери басшылық, әскери сот;
- заңның іске асырылуын қадағалау.

Коэмпция – бес куәгерлердің көзінше ер адам қалын мал төлеу рәсімі.

Курия – Ежелгі римде 10 патрициандық ру Курияны құраған, 10 курия – 1 трибаны; Ежелгі Римде сенат жиналатын ғимараттың атауы; ал рим империясы кезінде провинциалдық сенат; орта ғасырларда – вассалдарынан құрылған сенатор соты.

Легат – принципат кезіндегі римдік провинциядағы ең жоғарғы лауазым, әскери және әкімшілік билікті кеңесі мен канцелериясының көмегімен жүргізген; арнайы сенаттың саяси тапсырмасын орындауға тағайындалған елші немесе уәкілетті өкіл. Кейінгі республика кезінде әскери қолбасшы мен провинция басшысының көмекшісі; жоғарғы дипломатиялық мәртебе, римдік папаның елшісі.

Легат – рим құқығы жүйесінде мұра тізімінен тыс аталған нақты мұрагерге берілетін сый. Алушы мұрагер (легатарий) барлық салықтарды төлеп легатын алады. Сондықтан, легат міндетті өсиет деп саналмаған.

Легатарий - рим құқығы жүйесінде арнайы мұрагер деп көрсетілген адам, кімнің пайдасына легат қалтырылған.

Легисакциялық процесс – римдік юстицияда жеке тұлғалардың арызын қарастыратын сот процессінің алғашқы түрі. Аталуы көне заңға негізделген (12 кесте заңдары) - legis actiones ұғымына байланысты.

Легис – орта ғасырларда римдік құқықты Батыс Европада таратқан заңгерлер. Орталық, королдік билікті нығайтуды, сенаторлық пен шіркеу соты шектеуді, сонымен қатар қалаларда жергілікті өзін-өзі басқаруды қолдаған.

Ликторлар - көне римде жоғарғы магистраттар қызметкерлері мен көмекшілері. Кейін қорғау және ресми қызмет өткізушілер.

Магистратуры – жыл сайын центуриаттық және трибуттық комиссияларда сайланатын мемлекеттік қызметкерлер, ординарлы (қарапайым, үйреншекте) және экстраординалды (ерекше, төтенше) деп бөлінген. Ординалдыға консулдар, преторлар, цензорлар, квесторлар, эдилдер т.б., экстраординалдыға – диктаторлар жататын. Магистранттар билігі жоғарғы өкілеті (диктаторлар, консулдар, преторлар сот билігі мен өлім жазасын тағайындау билігін иеленгендер) және жалпы (барлық магистраттар – үкім шығару, орындамаған үшін айыппұл төлеу) билігі бар деп ажыратылған.

Магистраттар сот билігі мен мемлекет актілерін жасайды, заң шығару билігі тек халық жиналысының құзыретінде болды.

Манципация - («манус» – қол) – затты сатып алуда жасалатын рәсім.

Vi maiore quadam acciderit (қарсы тұралмайтын күш) - зат төтенші жағдайға байланысты жарамсыз болса затты алған адам міндетінен босатылады.

Пекулий - құлға егистік жер, шеберхана т.б. беру арқылы олардан пайда көру.

Перегрины – Рим азаматтығы жоқ, басқа мемлекеттен римге көшіп келген еркін адамдар, оларға ius civile құқығы емес, ius gentium – халықтар құқығы қолданылған.

Плебейлер трибундары - (б.д.д. 494 ж. бастап). Плебейлерден сайланатын және құқықтарың қорғайтын магистратура. Трибундер қол тигізуге болмайтын және «вето» (тыйым салу) құқығын иеленген. **Плебесцит** – плебейлік халық жиналысының шешімдері.

Понтификтер – ең маңызды абыздар коллегиясының мүшелері. Ұлы понтификтер күнтізбені қадағалап түзететін, консулдардың тізімі мен жылнаманы жазған, дәстүр мен заңды талқылап, діни нұсқаулар жинақтарын және заңдық формулалар құрастырған.

Популисцит – патрицийлар мен плебейлердің жиналыстарының ортақ шешімі. Трибуттық комицияларда квесторлар, куриалды эдилден және төменгі 26 магистраттар сайланған.

Популярлар – б.д.д. II ғ. бірінші шерегінде Римде қалыптасқан саяси топ, басты талаптары мемлекеттік қорынан кедейлерге жер учаскелерін тегін тарату

Абсолюттік құқық - меншік иесінің абсолюттік құқығы, заңсыз қол сұғудан қорғалған.

«Халықтар құқығы» - рим азаматтары мен шетелдікте (перегриндер) арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін құқық жүйесі. Бұл халықаралық емес рим мемлекетінің құқығы бөлігі.

Меншік құқығы – рим құқығы бойынша адамның затқа қатынастағы, затқа толықтай иелену.

Құқықтық қабылеттілік – адамның құқыққа және міндетке иелену қабілеті.

Прагматикалық санкция – Италиядағы остгот патшалағын византиялық император I Юстинианың әскери жаулап алғаннан кейінгі жарияланған заң шығарушылық акт.

Претор - (лат. praetor, praetor – алдыңғы қатарда)

1) Басты қызметі қалалық сот ісін атқару. б.д.д. 242 ж. бастап рим азаматтары мен шетелдіктер және шетел азаматтары арасында туындаған дауларды қарастыратын Pretor peregrinus сайланған Провинцияларға да преторлар енгізілді, Сулланың тұсында олардың саны сегізге, Цезардың тұсында – 16, Империя кезінде – 18 ге дейін жеткен. Б.д.д. 367 ж. бастап (Leges Licinia Sextiae) преторлардың басты қызметі – сот атқару болды. Қызметіне кірісер алдында претор өз басшылығын қандай қағидаларға негіздейтін эдикті жариялаған. Praetor urbanus консул римде болмаған кезде оның орынбасары ретінде қызметін атқарған.

2) Қазіргі заман италияда судьялар претур аталады.

Преторлық құқық – Ежелгі Римде преторлардың шешімдері (эдиктер) негізінде қалыптасқан құқықтық жүйе. Преторлар заңды өзгерте алмайтын сондықтан, олардың шешімдері материалды жағынан емес, процессуалды жағынан болатын арыздарға (иск) қатысты.

Претория префекті – принципат кезеңінде жоғарғы лауазының бірі- тек сенаторлар мен атқамінерлерден тағайындалған, императорлық гвардияны (ұландарды) басқарған.

Сенат принципсы – сенаторлар тізіміндегі бірінші адам сондықтан, сұрақтарды сенатта талқылағанда бірінші сөйлеуге құқылы.

Принципат – монархия қалыптасқан кезең (б.д.д. I ғ. – III ғ.), республика атрибуттары сақталғанмен нақты билік «принцепс-сенатустын» қолында болды, алғашқы осы атаққа Октавиан Август иеленді.

Провокация (халыққа) – өлім жазасын берген магистраттың үстінен халық жиналысына аппеляция түсіру

Проскрипция – Ежелгі римде қылмыскерлер тізімін жариялау.

Тізімдегі қылмыскерді ұстап берген немесе өлтірген үшін сыйақы алған (кұлдар да), ал жасырғаны үшін – өлім жазасына кесілген. Алғашқы **проскрипция** тізімі Сулла диктатурасы кезінде құрастырылды (б.д.д. I ғ.).

Репликация – ежелгі римдік азаматтық сот процессінде арызданушы айыпталушының жауабын жоққа шығарады.

Рескрипт – заңды күшке иеленген императордың қойылған сұраққа жазбаша жауабы.

Сервий Туллий реформалары – мүліктік және территориялық қағидаға негізделген римның қоғамдық ұйымдасуы (б.д.д. VI ғ.).

Рим тұрғындары кірістеріне сай 6 тапқа бөлінді. Рим территориясы 4 қалалық және 17 ауылдық аймақтарға бөлінді. Реформалар рулық жүйені жойып мемлекеттік құрылымды нығайтты.

Рецепция – XIII-XIX ғғ. Бір қатар европалық елдерде римдік құқық жаңғыртылды.

Классикалық кезеңдегі римдік монеталар – As uncialis (мыс) = 1 унция 27,288 г. Sestertius (күміс) = 4 асс = 1,00 г. Denarius (күміс) = 16 асс = 4,00 г. Алтын монета – nummus. Aureus = 100 сестерций. Август Aureus = 7,96 г. Марк Аврелийдың Aureus = 7,28 г. Каракалланың Aureus = 6,55 г.

Секвестр – иесін өз затына билік етуден айыру

Сенат - Көне Римдегі ақсақалдар кеңесі. Сенат халық жиналысына заң жобаларын ұсынған, салық көлемін бекіткен, қазынаны, қоғамдық қауіпсіздікті, қадағалаған, бейбітшілік және одақтастық құру туралы шарттар жасаған, әскер қатарын толтыру мәселерін шешкен, диктаторды тағайындаған.

Сервитут – мүліктік құқықты шектеу, біреудің затын иелену.

Сецессия - плебейлердің наразылық акциясы, өз талаптарын орындату үшін римнен кетіп қалу, әскери күшін әлсіздендіру.

Тарпей жартасы – Өлім жазасына қиылғандарды Капитолийдың тік жағынан төменге тастаған.

Трибалар – Ежелгі римде алғашқыда патрицийлардың патриархалдық қоғамдастығын құратын үш тайпа, кейін – әкімшілік-территориялық аймақ.

Триумвират – Ежелгі римде (б.д.д. I ғ.) билікке таласуда құрылған үш саясаткерлердің одағы (бірінші одақ: Цезарь, Помпей, Красс; екінші одақ: Август, Антоний, Лепид)

Узуфрукт – заттың негізін сақтай отырып, келісім бойынша біреудің меншігін, жемісімен бірге белгіленген мерзімде пайдалану құқығы. Ұтымды жағы өнімдерін пайдалану (жемістерін, төл т.б.) және ақшалай кірісін (қарыздың үстінен төленетін пайыздық кіріс, жалдау төлемі т.б.)

Узуфруктарий – сервитуті иеленуші, біреудің затын қолдануға құқылы адам.

Формулярлы процесс – Римдегі сотта іс-жүргізудің екінші түрі (бірінші түрі – легисакциондық процесс) Формулярды процесте екі жақ істің мән жайын білгендерінше преторға айтады, претор заң тұрғысынан істің негізін судьяға жазбаша жібереді – formula. Формулалар тұрақты болған.

Форум – Ежелгі римде: сот, трибунал; юрисдикция; сот өтетін орын; юрисдикциялар.

Цензорлар – б.д.д. 443 ж. құрылған магистратура, рим азаматтарының тізімін жасап, кім қандай әлеуметтік топқа жататынын бекіткен (атқамінерлер, сенаторлар), трибаларға, дәрежеге, центурияларға бөлген.

Центурия – Ежелгі рим азаматтарының әскери-саяси бірліктері.

Эдикт претора – қызметіне кіріскен тәртіп орнату мен сот жүргізуде стунатың құқықтық қағидалар мен ережелерді жариялау. Эдиктегілердегі ережелер заңға тең болмасада міндетті саналатын, себебі претордың билігімен енгізілген. Нәтижесінде римдік құқықтың жаңа қайнар көзі пайда болды – преторлық құқық.

Эдиктер – претор енгізген жаңа құқықтық ережелер формасы. магистранттың халық жиналысындағы арнайы сөзі.

Эдил – рим қаласында қоғамдық тәртіпті, сауданы түрлі мерекелі шараларды ұйымдастырып, астықты сатып алып халыққа таратылуын қадағалайтын ресми өкіл.

Эксцепция – рим құқығы бойынша арызды камтамасыз етуге болмайтын жағдайға немесе заң нормасына сілтеме.

Эмфитевзис – Ежелгі Римде ұзақ мерзімге жерді жалға алу формасы

Рим құқығының курсының тақырыптары бойынша терминдік сөздігі

1 тақырып: «Рим құқығы» ұғымы

Құқық (Цельс берген анықтама) – әділеттілік және жақсылық туралы ғылым.

Объективті мағынадағы құқық – мемлекет орнатқан нормалар жиынтығы мемлекет үшін немесе жеке адамдар үшін; жеке адамдар үшін – ортақ дұрыс әрекет ету мақсатында, мемлекет үшін – заң шығару, жазалау және әкімшілік билігін іске асыруды реттеу мақсатында (Санфилиппо Ч.).

Субъективті мағынадағы құқық – қоғамның белгілі мүшелеріне заңды түрде берілгені «қабілет», «құқық (Санфилиппо Ч.).

Бұқаралық құқық – римдік мемлекеттің құқықтық жағдайын айқындайтын құқық.

Дербес құқық – жеке тұлғаның пайдасы мен қызығушылығына қатысты құқық.

Табиғи құқық – табиғи тұрғыдан туындаған, мемлекеттен тыс, барлық елдерге ортақ құқық.

Квириттік құқық – тек римдік қоғамдастық мүшелеріне тиесілі ең көне римдік құқық жүйесі. Атауы Римның негізін құрған үш тайпаның бірі өздерінің қамқоршысы деп Квирина құдайын санаған сабиндармен (екінші атаулары квириттер) байланысты. Квириттық құқықтың бастауы (қайнар көзі) XII кесте заңы. Кейін квириттік құқық цивилдік құқық аталды (цивиль – азаматтық қоғам) Цивильді құқық азаматтық құқық мағынасын білдіреді.

Преторлық құқық – преторлық сот практикасынан туындаған құқық жүйесі.

Халықтар құқығы – классикалық кезеңде (1-2 ғғ.) бір жақ шетелдіктер (перегриндер) болған жағдайда қолданылуға құрастырылған құқық жүйесі.

Рим құқығының рецепциясы – XIII-XIX ғғ. Батыс Еуропа елдерінде римдік құқық жүйесінің қағидалары мен институттарының жаңғыртылуы

2. Тақырып : Рим құқығының қайнар көздері

Дәстүр (*mores maiorum* – ата-баба дәстүрі) – күнделікті өмір салтымен қалыптасқан әрекет етудің ережелері. Атадан балаға ауысша жетіп отырады. Қайталанып отырғанның арқасында дәстүр міндетті ереже ретінде.

Заң-құзыреті бар билік өкілдері қабылдаған барлығына ортақ. Институттарда (1 кітап, II.4) келесі анықтама берілген : «Заң дегеніміз, рим халқы сенат мүшесі ұсынысымен қабылдаған шешім» (Гая тұсында басқаша мағынада түсінетін: «Заң дегеніміз, рим халқы қолдап қабылдаған»).

XII кесте заңдары – рим тарихындағы алғашқы жазба түріндегі реттелген дәстүрлі құқықтар, мүліктік, отбасылық, заң бұзу саласын реттеген.

Плебисцит – барлық азаматтарға шешімі бірдей міндетті саналған плебейлер жиналысының шешімдері. Гортензий заңының кейін плебисциттер заңға тең саналды. Б.д.д. 250 ж. плебисцит заңнаманы негізгі түріне айналды.

Сенатусконсульттер – магистраттарға нұсқау ретінде жасалған сенаттың актілері. Принциптердің ауызша немесе жазбаша жасалатын баяндамаларының негізінде жазылған. Помпонийдің пікірінше: «...Сенатусконсульт... принцип енгізген ереже міндетті деп мойындалып арнайы заң немесе принциптің конституциясыз да сенаттың бекітуімен заңмен тең танылған» (D. 1.2.12.).

Император конституциясы *constitutiones principum* – принциптің жарлығы . Император айтқаны, жазғаны заңды саналады деген қағида орын алған. Оны Институттардан көреміз (1 кітап, 1.6): «Императордың шешімі заң деп танылады, себебі ... императордың билігіне қатысты заң бойынша халық билікті толығымен императорға берген». Императордың төрт түрлі актілері қолданылған: эдикт, декрет, рескрипт, мандат.

Император эдикті – жалпыға ортақ лауазымды адамдар мен азаматтарға орындауға міндетті жарлық

Император декреті – сотқа түскен істер бойынша императордың шешімі

Император рескрипті – құқық саласы бойынша магистраттардың немесе жеке адамдардың сұрақтарына императордың берген жауаптары мен кеңестері

Император мандаты – әкімшілік немесе сотқа қатысты провинция басшыларына жасалған нұсқамалар

Магистрат – республика заманындағы ең жоғарғы лауазым, басқару және билік органдары. Халық жиналысы, сенат пен қатар республиканың негізін қалайды.

Магистраттардың эдиктілері – претор құрылды эдик, правичия басшыларының эдиктілері. Қызметтеріне кірісердің алдында міндетті түрде орындаймын деген өз қызметінің жоспарын жариялау. Әсіресе преторларды эдиктілері маңызды болды, себебі қандай жағдайларда сотта құқықты қорғауға болатының жариялаған.

Заңгерлердің жауаптары – заңның қайнар көзі ретінде мойындалатын заңгерлердің түсініктемелері. Гай Институттарында жазылған: «Заң танушылардың жауабы – құқықты құрастырып шығаруға рұқсат алған заңгерлердің пікірлері мен шешімдері. Ортақ тұжырымдамаға келсе шешім заң ретінде танылады. Егер ортақ мәмілеге келмесе, судья дұрыс деп таныған шешімді өзі тандайды – осы жағдай Адрианның рескриптіінде анық көрсетілген».

Рим құқығының жыйынтығы (*Corpus Iuris Civilis*) – Кодекстер, Дигесталар, Институттар және Новелалардан тұратын римдік құқықтың кодификациясы.

Институттар – бір жағынан заңдар жинағы ретінде танылатын азаматтық құқық оқулығы

Дигесталар – классикалық римдік заңгерлердің шығармаларынан алынған көбінесе дербес құқыққа қатысты үзінділер, римдік құқық кодификациясының бөлігі

Кодекс – Императорлар конституцияларының жинағы (Адрианнан бастап Юстинианға, дейін, 529ж. жеткізілген). Кодекске тек қолданылып жүрген жарлықтар енгізілген.

3 тақырып: Исктер (арыздар)

Иск – жеке тұлғаның сот арқылы өз құқығының сақталуын талап ету.

Заттық талап арыз – тұлғаның затқа қатысты құқығы бар деп тану.

Дербес талап арыз – нақты адамның басқа адамның алдындағы міндетін орындатуға бағыталады.

Қатал құқық талап арыз – судья искті келесім шарттары шеңберінде ғана қарастырады, одан аса алмайды

Әділеттілік талап арыз – формалды тәртіпке емес, жауапқа тартылған жақтың пікірімен санасып, судья шешім қабылдауда, осындай талаптарды қарау кезінде судья әділеттікке негізделген жауапкердің қарсылықтарын ескеру туралы құқықтарын қабылдауға құқылы

Талап мерзімі – сотқа арыздану мерзімі.

Легисакциалық процесі – сотта қатал сақталатын екі тарап және магистрат жасасатын формалды іс-әрекеттер, қимылдар мен міндетті түрде айтылатын сөздер жиынтығы. Екі сатыдан тұрған:

а) **in iure** – тек процессуалды сұрақтар қарастырылған, дәлелдер жинақтап, судья тағайындаумен аяқталатын;

в) **in iudicio** – дәлелдер талқыланады, екі тарапты тындайды, соңында шешім қабылданады.

Формулярлы процесі – претор істің заңды негізін айқындайтын сот процесі. Екі тарап магистранттың алдында іске қатысты өз пікірін айтып, білгенше айтады. Претор іске заң тұрғысынан баға беріп, оны судьяға арналған жазбаша нұсқау береді – *formula*. Формулалар бірыңғай болған.

Экстраординарлы процесс, үйренішті емес – бұрынғы сот өндірісіндегідей екі сатыға бөлінбейтін түрі. Судья немесе шенеуліктердің қатысу арқылы сотқа шақыру және істі сотта талқылау арқылы мемлекеттің ролі өсе түсті.

Интердикттер (лат. Interdic-tum – тыйым салу) – бұзылған құқықты қалпына келтіру мақсатында берілген претордың бұйрығы. Заңсыз тартылып алған меншікті иесіне қайтару сияқты заңсыздықты жоюдың бірден-бір ұтымды жолы.

Интенция – арызданушының қойған талабын айқындайтын, сотта талқыланатын сұрақты айқындайтын формуланың бөлігі.

Комдемнация – интенция расталса, судьяға арызды (талап арыз) қанағаттандыруды, керсінші жағдайда қанағаттандырмауды ұсынатын формуланың бөлігі.

Экспеция – формуланың қосалқы бөлігі, римдік құқық жүйесінде талап арызды қанағаттандыруға болмайтын жағдайға немесе заң нормасына сілтеме. Жауап берушінің істің мән-жайын жоққа шығармай талап арыздан қорғану, айыптауды жоққа шығару.

Прескрипция – дауды арызданушының пайдасына бағыттайтын, формулада интенцияның алдында көрсетілетін жағдай

4 тақырып: Құқық субъектілері

«Persona» (тікелей аудармасы «бетперде») – құқық субъектілеріне қолданылатын термин. Персона ретінде римдік құқығында жеке адамдар, қауымдастықтар (мысалы, рулық ұйым) және жеке біреуге тәуелді емес заңды тұлғалар. Адамдар, қоғамдастықтар және мекемелер персона танылуы арқасында құқықтық субъект қабілеттігіне иеленеді.

Құқықтық қабілеттілік (caput) – мемлекет тарапынан берілген құқық пен міндетке (caput habere) иелену әлеуметтік-заңи категория.

Заңды тұлғалар – белгілі тәртіппен ұйымдасқан, нақты мүлікке иеленген адамдардың ұйымы.

Дербес құқық бойынша тұлғаның құқық қабілеттілігі екі элементтен тұрады: 1) **jus conubi** – римдік некеге тұру;

2) **jus commercii** – мүліктік қарым-қарым қатынастардың субъекті болу (заттық және міндеттік).

Толық құқық қабілеттілік – еркін адам, Рим азаматы, некелескен болудан құрылады.

Әрекет қабілеттілік – өз ісіне есеп беріп мойнына жауапкершілікті ала-алады деп заң тұрғыдан танылатын қабілет.

Құлдар – тәуелді адамдар. Адамдардың басты айырмашылығы, не еркін болу, немесе құл болу (Гай. Институциялар, 1, 9).

Квиригтер – республика дәуірінде Ежелгі Римде азаматтардың ресми атауы. Алағашқыда – римнің негізін құрған курия (ру) мүшелері, толық қанды Рим азаматтары ретінде танылғандар («квириг құқығына», «квириг меншігіне» иеленгендер).

Колондар – жерді жалға алушылар.

Колонат – жерді жалға алу жолымен тәуелді болу жүйесі

Виндикация (виндикт) – сот процесі формасында өткізілетін құлдықтан босату рәсім; заттың қайтаруға қатысты иесінің арызы (талабы).

Пекулий – жер учаскесін, шеберхана т.б. беру арқылы құлдардан кіріс түсіру жолы.

Перегриндер – Римде тұратын бірақ, рим азаматығы жоқ еркін адамдар. Б.д.д. III ғ. Римде жеке меншікке ие болып және кәсіптік келісім-шарт жасасуға құқылы болса да *ius civile* оларға қолданылмаған, *ius gentium* – халықтар құқығы қолданылды.

Латиндер – III ғ. ортасына дейін латын азаматтығына иеленгендер Лациум тұрғындары III . кейін Латын Одағының тұрғындары.

Либертиндер (еркіндік алғандар) – құлдықтан босатылғандар.

Клиент – патронның қамқоршылығындағы бас жақтан көшіп келген адам.

Патрон – қарамағындағы толық азаматтық құқығы жоқ адамдарға қамқоршылық жасаушы.

Плебеи – патрициандық әулетке жатпайтындар. Еркін болса да, саяси құқығы жоқтар.

Capitis deminutio – құқық қабілеттіліктің бір элементінен айырылу арқылы құқық қабілетінен айырылу.

Муниципийлер – қалалық қоғамдастық.

Қадағалау және қамқоршылық – қадағалау әйелдерге (құқық қабілеттілікке қатысты кәмелетке толмағандармен тең саналған) тағайындалды, ал қамқоршылық – есінен айырылғандарға, ақша шашатындарға және 14 пен 25 жас аралығындағы ер балаларға (оларды минор атаған).

5 тақырып: «Неке және отбасындағы құқықтық реттеу»

Неке – Модестин берген анықтама бойынша, «жаратушының және адам заңы бойынша өмір бақи байланыстыратын ер мен әйелдің одағы» (D.23.2.1).

Ең көне римдік кум манну неке бойынша ер адамның билігі бекітіледі. Күйеуге шыққаннан бастап әйел адам **persona aliena juris** танылады.

Сине манну неке – формалды емес ерлі-зайыптылардың одағы, әйел адамда бұрынғы отағасының қол-астында деп саналған (әкесінің, ағасының) немесе өз жауаптылығындағы саналған.

Агнатық отбасы – бір әулеттің мүшелері саналу туыстыққа емес, бір отағасының қол астында болуына байланысты.

Агнаттар – агнаттық отбасының мүшелері. Мүше болуы туыстыққа ғана қатысты емес, барлығы бір адамға бағынышты болуына. Мысалы, келіндер (үйленген ұлдары әкесімен бірге тұрса).

Когнатық туыстық – қандық туыстық, бір атадан тарау.

Когнаттар – когнаттық отбасының мүшелері.

Қайын-жұрт, жекжат – әйел иен күйеуінің туыстарының жақындығын білдіретін қарым-қатынас.

Конкубинат (лат. *concupinatus*, *con (cum)* – бірге және *cubo* – бірге тұрып жатыр) – ер мен әйелдің болашақта некеге отырамыз деп бірге тұруы (занды некеден айырмашылығы).

Контуберниум – құлдың (күннің) еркін адаммен некесіз ұзақ мерзім тұруы.

Жасау - *dos* – отбасылық өмірде еріне түсетін ауыртпашылыққа көмектесу үшін, еріне ұсыналатын мүлік (*opona matrimonii*); неке бұзылғанда әйелдің жасауы еріне қайтарылды (жалпы ережеге сәйкес).

Зандастыру – әкесінің қамқорлығына некесіз туған балалардың өту процесі.

Асырап алу – Бөтен адамның әкелік билігін бекіту. Асырап алудың екі түрі болады: *аррогация*, егерде тұлға әкелік биліктен тыс адам асырап алса,

(*persona sui iuris*), *иадопция*, егерде асырап алушы әкелік билікте болса (*persona alieni iuris*).

6 тақырып. Меншік

Заттар – адам жасаған немесе табиғи жолмен жаралған заттар. «Меншіктегі зат» атау заңдық қарым-қатынасқа да қатысты мағынаны білдіреді.

Қасиетті заттар – «қоғам құдайларға силаған заттар» (D. 1.8.6.3).

Занды заттар – кімге тиесілі заңмен реттелетін; бұқаралақ қолданудағы (қоғамдық меншіктегі, ал әр адам қолданады) және дербес құқықтағы (затқа билігі де қолдануы да тек жеке адамға тиесілі) деп бөлінеді.

Сыртқы пішіні бар заттар – қолмен ұстап көре алатын заттар, олардың қатарына жерді, киімді, адамдарды, алтынды, күмісті тағыда басқа көп затты жатқызуға болады.

Сыртқы пішіні жоқ заттар – қолмен ұстап көре алмайтын, занды құқықтар, мысалы, *мұрагерлік құқық*, немесе келісімнен туындаған құқық, т.б.

Қолданғанда өзгеретін заттар – сапалы емес саны жағынан қолданғанда өзгеретін заттар. Заттың негізі емес саны өзгереді.

Қолданғанда өзгермейтін заттар – қолданғанда негізі өзгермейді, басты сипаттамасы сақталады.

Күрделі заттар – жеке зат ретінде танылатын элементтерден құрылған зат.

Қарапайым заттар – бір тұтас танылатын заттар (құл, бөрене, тас т.б.).

Қосалқы заттар – құрамындағы қарапайым элементтердің сапасын өзгерпейтін заттар.

Бір түлге жататын заттар – өлшемі бірдей заттар (көлемін өлшеуде – дәнді дақылдар, шырын, су, құм, ақша).

Индивидуалды заттар – тек сол затқа тән сипаттамасы бар заттар (қайталанбас сипатқа ие, немесе иесі үшін ерекше зат).

Қозғалмайтын заттар – қозғауға болмайтын, қозғаса тұтастығы бұзылатын заттар (жер участкелері, ғимараттар, өсіп тұрған ағаш, т.б.).

Қозғалатын заттар – бір орыннан басқа жерге жылжытуға болатын заттар (жануарлар, тұрмыстық заттар, ақша, т.б.).

Айналымдағы заттар – жеке меншіктегі және қолдан қолға өтетін объектілер.

Айналымнан тыс заттар – біріншіден, табиғатына байланысты (ауа, теңіз суы және теңіз жануарлары); екіншіден, бұқаралық қолданудағы (театрлар, қоғамдық моншалар, кемелер жүзетін өзендер) жеке меншікке өтпейтін объектілер.

Бір қатарға жататын заттар – бір бірінен еш айырмашылығы жоқ, бірдей заттар.

Қолданатын заттар – қолданғанда материалды формасы сақталынбайтын заттар, мысалы жеп қоятын тамақ (алма).

Құндылығын сақтайтын заттар – қолданғанда тозбайтын заттар, мысалы құнды тастар (гаухар тастар).

Қосалқы заттар – негізгі затқа қатысты, соның заңи дәрежесіне сай заттар. Қосалқы заттардың түрлері: басты заттың бөлшектері, қосымшалары, жемісі.

Иелену (possessio) – затқа қол жеткізу, өз затындай көру (басқаның еркімен санаспай).

Затты өзінде ұстау – өзінікі деп санамаса да затты иелену

«Қол жалғау арқылы» – заттың иесі өз қолымен емес затқа сілтеу арқылы басқа адамға оны беруі

Меншік құқығы – тұлғаның материалдық затқа толық билігі.

Квириттік меншік – «квириттік құқық бойынша» көне римдік меншік, ерекше иелену арқылы (манципация).

Бонитарлық меншік – преторлық құқыққа негізделген меншік. Бұл меншік Цивилдік (квириттік) құқықта мойындалмаған, себебі затты алғанда манципация рәсімі жасалмаған.

Манципация – заттар мен адамдарға иелену формасы. Рәсім бес куәгердің көзінше арнайы адамның мысты ақша ретінде өлшеп беруден тұрған, сатушы мен сатып алушы ресми сөздер айтатын.

Дәстүр – меншік құқығына иелену жолы

Спецификация – затты өзіне лайық етіп өзгерту, басқа адамның материалынан жаңа зат жасау, мысалы шебердікі (спецификанттікі) емес материалдан ваза жасау.

Басып алу – біреудің затына физикалық түрде иелену.

Оккупация – иесі жоқ затты меншіктену мақсатында алу («ешкімдікі емес» немесе иесі тастап кеткен).

Клад – ерте заманда жасырылған, иесін анықтауға мүмкіндік жоқ қор табылса.

Иелену мерзімі – ұзақ мерзім затты өзінде ұстағанның арқасында затқа меншіктік құқығы иелену.

Виндикациялық иск (талап) – басқа біреудің қолына түскен заттың қайтару туралы арыз.

Негаторлық иск (талап) – иесінің өз затын алуға кедергілерді жою туралы арыз.

Реституция (interdictum restitutio) – әділеттікті орнату мақсатта қолданылатын преторлық қорғау тәсілі, затты алғашқы формасына қайтару арқылы.

Сервитуттер – сот шешімінде көрсетілген мақсатта затты қолдануға тыйым салу.

Жеке сервитут – сот шешімінде аталған нақты тұлғаның затты қолдануға құқығы.

Преиалды (жерге қатысты) сервитут – жер участкесінің бір бөлігі жалға берілгенде жердің иесі ауысса, преиалды сервитутте өзгереді.

Узуфрукт – меншігіндегі затты өзгерпей сол күйінде пайдалану құқығы, асқа қолданбайтын затты өзгертпей одан пайда табу.

Узус – біреудің затты пайда табу мақсатында емес тек өзі пайдалану құқығы.

Суперфиций – қала ішінде жалға алынған және мұрагерлікке берілетін жерге ғимарат салып, оны қолдану құқығы.

Эмфитевзис – ұзақ мерзімде жалға алынған, мұрагерлікке берілетін қозғалмайтын мүліктен пайда көру құқығы.

Кепілдік – келісім көлемінде біреудің затын пайдалану құқығы. Кепілдіктің мақсаты – міндетті орындату.

7 тақырып: Міндеттік құқық

Міндет – «мемлекет заңына сай әрекет жасатқызатын біздің құқықтық байланыстырамыз». Гай (I. 3.13. pr.).

Кредитор – міндеттік қарым-қатынаста талап қоюға құқылы жақ.

Қарыздар – міндеттік қарым-қатынаста кредитордың талаптарын орындауға міндетті жақ.

Міндеттің мазмұны – қарыздарды адамның әрекеттері: беру, жасау, мүмкіндік тудыру (затты өзгерту, ақша төлеу, қызмет көрсету).

Міндеттік заты – міндеттікке қатысты объект (заттар, ақша, қызмет көрсету, жұмыс істеу).

Цивильдік міндеттер – орындалмаса, сотқа арыздануға болатын жағдайдағы міндеттер. «Цивильдік құқықта құлдар келісім жасаспаса да, табиғи міндетті құқыққа сай олар міндетті мойына алады және басқаларға жүктейді» (D. 44.7.14).

Натуралды міндеттер – заңи маңызы бар бірақта сотқа арыздану арқылы жасатылмайтын міндеттер.

Заңи фактілер – заңды жауапқа тартылуы тартылмауы айқындалатын нақты жағдайлар (уақиғалар мен адамдардың әрекеттері).

Келісім-шарт – құқықтық субъектілердің арасындағы құқықтық қарым-қатынасты орнататын, өзгертетін немесе тоқтататын құқықтық әрекет

Біржақтақ әрекет – бір тұлғаның еркін білдіретін әрекет (мұрағат, мұрада бас тарту).

Екіжақтық әрекет (келісім) – екі жақтың еркін білдіретін келісім (сатушы және сатып алушы).

Контракттер – цивильдік құқықта сотқа арызданып қорғалатын ретінде танылған келісімдер.

Пактлер – жалпы құқық бойынша сотқа арыздану арқылы қорғалмайтын түрлі мағыналы формалды емес келісімдер

Қатал құқықтық келісімдер – сөзбе-сөз талқыланатын келісімдер. Мағынасы емес, формасы маңызды саналған. «Кейде жазылмаған мәтін екі жақтың көздегенінен маңызды» (D.33.2.19). мысалы, вербалды және литтералды контракттер

Ар-ождан келісімдер – талқылауда екі жақтың көздегендері маңыздырақ саналатын келісімдер. Келісімнің мәтіне ескерілмеген түрлі жағдайлар

есептелетін, мысалы, бір жарты арам ойы (реалды және консенсуалды келісімдер).

Бәр жақтық келісімдер – мәтінде бір жақтың міндеті көрсетілген, екінші жақ міндетті орындауды талап етуге құқылы мысалы, қарыз).

Екі жақтық (синналагматикалық) келісімдер – екі жақтың міндеттері толық жазылған келісімдер, көбі нәрсе күрделі мағыналы (мысалы, сату-сатып алу).

Реалды контракт (res) – затты жаңа есенінің қолына табыс ету міндетін айқын көсеткен келісім.

Контракт (consensu) – Бір ғана келісімге consensus негізделген міндет

Вербалды контракт (сөзбен, аузша) – сөзбаланысынан *verbis* (сөздер) міндеттерді жүктейтін келісім. Белгілі бір сөздер, формулалар айтылғаннан бастап туындайтын міндеттер. Вербалды келісімнің маңызды түрі стипуляция.

Стипуляция – ауызша жасалатын келісім, кредитордың қойған сұрағына міндетті мойына алатын адамның жауабы сәйкес айтылуы керек.

Литералды контрактар – міндет жазбаша келісім шарттан туындайды.

Кауза – міндетті мойнына алудың материалдық негізі.

Деликт – дербес құқық бұзушылық (*delictum privatum*), қылмыстық құқық бұзушылықтан (*crimen publicum*) ажыратылады, жеке тұлғаның құқығын бұзу деп танылған (мемлекеттік мүдде емес), жауаптының зардап шеккен адамның шығынын төлеу міндеті туындайтын.

Цессия – қарыздардың келімінсіз міндетті орындауды талап ету, бұрынғы кредиторды өзгерту.

Новация – стипуляция формасында жасалған келісімдегі міндетті жаңа міндетпен алмастыру арқылы өтеу

Зачет – екі жақтың қарсы міндеттері бар жағдайда жабу жолы. Егер бір жақтың міндеті екіншіден көп болса, айырмашылығы ғана төленеді.

Қосылу (конфузия) – міндетті адам кредиторға айланса (міндетті адам кредитордың мұрагері болғанда).

Кепілпұл – келісім жасасқанда бір жақ екінші жаққа кепілдік ретінде беретін ақша немесе қымбат зат.

Жан беру – негізгі қарыз алушының міндетіне кепілдік беретін үшінші жақ (жауапкерлікті өз мойнына алады)

Фидуция (лат. *fiducia* – сенімдік келісім) – кепілдіктің көне формасы, кепілдікке қойған объект кредитордың қолына өтеді. Қарызды ақшадай немесе кепілдікке қойған жылжымайтын мүлікті сатып төлем ақысын содан алу, немесе ақшадай алып бұрынғы иесіне қайтару кредитордың еркінде.

Пигнус (от лат. *pignus* – формалды емес кепіл) – жылжымайтын мүлік кредитордың меншігіне өтпейді, тек қарыз төленгенше пайдалануға береді. Қарызданушы міндетін орындай алмаған жағдайда затты сата алады, құны қарыздан артық болса, айырмашылығын заттың иесіне қайтарады.

Ипотека (грек. *hypotheca* – тіреуіш) – кепілдік туралы келісім, кепілдік заттың иесінде қалады, кредитор қарыз төленбесе сол затты алуға құқылы.

Тұрақсыздық айыбы – міндетін атқармаса немесе дұрыс атқармаса қарыздар тұлғаның төлейтін айыппұл. Тұрақсыздық айыбы стипуляция формасында жасалған.

Кінә – (*culpa*) құқыққа сай емес әрекет.

Кінә (culpa) кең мағынада екіге бөлінген: а) арам ниет (*dolus*), қарыздар адам өз әрекетінің немесе әрекетсіздігінің неге әкеп соғатының білген жағдай және солай болғанын тілегенде б) салақтық (*culpa-kinә* нақты мағынада), қарызда солай болады деп ойламаған, бірақ неге әкеп соғуы мүмкін алдын-ала ойлау керек болғанда.

Тақырып 8. Міндеттердің түрлері.

Қарыз (mutuum) – ақшадай немесе заттай қарыз алу-қарыз беру туралы келісім, дәлме-дәл қайтару

Ссуда (commodatum) – бір жақ (*commodans*, ссудаберуші) екінші жаққа (*commodatarius* ссуда қабылдаушы) уақытша пайдалануға нақты бір затты беру және алушы жақ мерзімі аяқталғанда сол затты іске жарамды түрінде қайтару міндеті туралы келісім

Сақтау (depositum) – бір жақ (депонент, затты беруші) екінші жаққа (депозитарийге, затты қабылдаушы) өтеусіз затты сақтауға беру туралы келісім

Сату-алу – бір жақ – сатушы (*venditor*) екінші жаққа – алушыға (*emptor*) затты, тауарды (*texh*) беруге, ал алушы сол заттың ақшадай құнын төлеу (*pretium*) туралы келісім.

Затты жалға алу (locatio-conductio rerum) – бір жақ – жалға беруші (*locator*) екінші жаққа – жалға алушыға (*conductor*) бір немесе бірнеше затты уақытша пайдалануға беру, ал алушы пайдаланған үшін ақысын (*merces, pensio*) төлеу және мерзімі біткенде затты жарамды күйінде қайтару туралы келісім.

Ақылы қызмет (locatio-conductio operarum) – бір жақ – жалдаушы (*locator*) екінші жаққа – жалдаушыға (*conductor*) қызмет ету; ал жалдаушы еңбек ақысын төлеу туралы келісім

Тапсырыспен қызмет ету (locatio-conductio opens) – бір жақ – қызмет көрсетуші (*conductor*) екінші жақтың – тапсырушының (*locator*) пайдасына белгіленген көрсету, ал екінші жақ жұмысына сай еңбек ақысын төлеу туралы келісім

Тапсырма (mandatum) – бір жақ – сенім білдіруші (*mandans*) тапсыру, ал екінші жақ – сенімді өкіл (*procurator*) өз мойнына ақысыз әрекет етуді алу туралы келісім

Серіктестік келісімі (societas) – ортақ шаруашылықпен айланысу туралы екі немесе бірнеше адамдардың келісімі

Айырбастау келісімі (permutatio) – бір затты басқа затқа айырбастау туралы келісім «бір жақ екінші жақтың меншігіне затты береді, екінші жақ сол заттын орнына басқа затты беруге міндетті» (D. 19. 4.1.2).

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Латын алфавиті және латын әріптерінің оқылуы	4
Рим құқығы жүйесінде қолданылатын латын терминдері.....	6
Заңи сөйлемдер.....	21
Римдік құқықтық жүйесінде қолданылатын терминдер мен ұғымдар.....	26
Рим құқығының курсының тақырыптары бойынша терминдік сөздігі.....	32

САБЫРБАЕВА М.Б., МАЙШЕКИНА.Э.С.

Рим құқығы пәнінен талқылау сөздігі/ – Семей: «Zhardem» редакциялық баспа орталығы -, 2019ж.. -426.

**«Zhardem» редакциялық баспа орталығының директоры
Айдар ҒАЛИ-АРЫСТАНҰЛЫ**

Теруге 01.03.2019 ж. жіберілді. Басуға 10.03.2019 ж. жіберілді.

Шартты баспа табағы – 2,6. Пішімі А5(148 x 210 мм)

Таралымы

Тапсырыс №615

«Zhardem» редакциялық баспа орталығы

Редакция мекен-жайы: 041700, Қазақстан Республикасы,

Семей қаласы, Гоголь көшесі, 89

Тел.: 8 (722-2) 52-13-72, Факс: 8(722-2) 52-13-72